

FTAMP 17.82.30

<https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.3-14>

A.E. Айтбаева¹, З.Н. Ермаганбетова^{2*}, Г.Ш. Бекмағамбетова³

^{1,2,3}Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

E-mail: ¹aiman_aitbaeva@mail.ru, ²zuhra_9195@mail.ru, ³gumi1778@mail.ru

ORCID: ¹0000-0003-2346-3211, ²0000-0003-4686-785X, ³0009-0008-6900-1526

Қ. МӘДІБАЙ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ МҰХТАР ӘУЕЗОВ КІТАПХАНАСЫ

Аңдатпа. Мақалада профессор Қанипаш Мәдібай зерттеулеріндегі Мұхтар Әуезов кітапханасы туралы сөз болады. Жазушының «Мұхтар Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығында сақталған жеке кітапханасы бойынша тұлғатану, шығармашылық зертхана бойынша арнайы зерттеу жұмыстар жүргізу өзектілігінде ой қозғалады. Филология ғылымдарының докторы, профессор Гүлзия Пірәлі алғаш рет арнайы түзілімін, қысқаша сипаттамасын жасаған «Мұхтар Әуезов кітапханасы» (2015) атты Анықтамалық зерттеу еңбек негізінде тұлғатану бағыттарында ғылыми айналымға түсуі тиісті жазушының кітап жинау, оқу, әрбір еңбекке қатысты жедел, қысқа белгілер түсіріп отыру фактісінде жалпыадамзаттық ортақ игіліктер, ұлттық құндылықтар ауқымындағы шығармашылық кітапхана мәселесінде танып, ұғынудың міндетті зерттеу арналары сараланады. «Мұхтар Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығында жүргізіліп жатқан әуезовтану бойынша зерттеулердің бір бағыты – жазушы архивінде сақталып, кейін бірқатары М. Әуезовтің 50 томдық шығармалар жинағында берілген. Қайсыбірі әлі де беймәлім қалған шығармашылық, ғұмырбаяндық факторлар мен фактілерге қатысты дерекнамалық негізді ғылыми айналымда ұстау өзектілігі тақырып ауқымында пысықталып отырды. Зерттеуші «Мұхтар Әуезов кітапханасы» Анықтамалық зерттеу еңбектегі қазақ әдебиетінің тарихы, абайтану, әуезовтануға байланысты ғылыми айналымға түспеген елеулі деректер, ақпараттар бар екендігі туралы ой қозғайды. Мақалада қаламгер кітапханасы арнайы зерттеудің шығармашылық зертхана бойынша жұмыс жүргізудегі, әдебиеттанудағы танымдық-ақпараттық маңыздылығындағы өзектілігін айқындау бойынша белгілі бір нәтижелерге қол жеткізілді. Зерттеу нәтижелерін қазіргі заманғы қазақ әдебиеттану ғылымының тұлғатану, әдебиет тарихы мәселелерінде нақтылы дерекнамалық негіз; теориялық, тәжірибелік мәнде пайдалануға болады.

Кілт сөздер: архив, дерекнама, тұлғатану, қаламгерлік қолтаңба, әдістеме, жанрлық негіз, жеке кітапхана.

A.E. Aitbaeva¹, Z.N. Ermaganbetova^{2*}, G.Sh. Bekmagambetova³

^{1,2,3}Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan

E-mail: ¹aiman_aitbaeva@mail.ru, ²zuhra_9195@mail.ru, ³gumi1778@mail.ru

ORCID: ¹0000-0003-2346-3211, ²0000-0003-4686-785X, ³0009-0008-6900-1526

MUKHTAR AUEZOV'S LIBRARY IN K. MADIBAI'S RESEARCH

Annotation. The article reflects the relevance of conducting special research work on personal studies, creative laboratory on the personal library of the writer, which is stored in the scientific and cultural center «Mukhtar Auezov House». The reference study «Mukhtar Auezov library» (2015), created for the first time a special formation, a brief description of which Gulziya Pirali, a researcher of the scientific research institute, which is 60 years old in 2023, should go into scientific circulation in the areas of personal studies on the basis of work; the fact that the writer collects books, reads, makes quick short notes on each work, distinguishes the mandatory research channels of knowledge and understanding on the issue of a creative library on the scale

of universal common goods, national values. One of the areas of research on auezov studies conducted in the scientific and cultural center «Mukhtar Auezov House» is stored in the writer's archive, and later a number of works by M. Auezov are presented in a 50-volume collection. The relevance of keeping the source basis in scientific circulation in relation to some of the still unknown creative, scientific factors and facts was worked out on the scale of the topic. The reference research work «Mukhtar Auezov library» contains significant data, information that has not entered scientific circulation related to the history of Kazakh literature, Abay studies, Auezov studies. In the article, certain results were achieved to determine the relevance of a special study of the writer's library in the work on a creative laboratory, in the cognitive and informational significance of literary studies. The results of the study can be used in the field of personal studies of modern Kazakh Literary Studies; a specific source base in the history of literature; in theoretical and practical terms.

Keywords: archive, source, personal studies, pen signature, methodology, genre framework, personal library.

А.Е. Айтбаева¹, З.Н. Ермаганбетова^{2*}, Г.Ш. Бекмагамбетова³

^{1,2,3}Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан

E-mail: ¹aiman_aitbaeva@mail.ru, ²zuhra_9195@mail.ru, ³gumi1778@mail.ru

ORCID: ¹0000-0003-2346-3211, ²0000-0003-4686-785X, ³0009-0008-6900-1526

БИБЛИОТЕКА МУХТАРА АУЭЗОВА В ИССЛЕДОВАНИЯХ К.МАДИБАЯ

Аннотация. В данной статье в истории ауэзоведения впервые рассматривается вопрос личной библиотеки М.О. Ауэзова. Библиотека, собранная самим писателем хранится в научно-культурном центре «Дом М.О. Ауэзова», образованном в 1963 году. Материалы Справочника составленного в 2015 году главным научным сотрудником, доктором филологических наук, профессором Гулзией Пирали имеет определенное научное значение в современном ауэзоведении как источниковедческий фактор. В Справочно-исследовательском изданий «Библиотека Ауэзова» изложены краткие описания каждой отдельной книги. Автор. Год издания. Тематика. Научное направление. Отметки внесенные самим М.О. Ауэзовым при чтении конкретного издания. Данные по книгам имеют важные сведения о творческой личности писателя: какие издания особо интересовали его; замечания писателя по содержаниям имеют какие подтексты; вошли ли в научной оборот тестологические работы по переводам Абая, которые сохранены в книжном экземпляре некоторых изданий Абая разных лет и т.д. Эти вопросы оставались по сей день открытыми. Приведенные факторы и факты впервые рассмотрены как актуальный научный вопрос. Результаты исследования могут быть применены в изучении творческой биографии М.О. Ауэзова, истории казахской литературы, в вопросах современного абаеведения.

Ключевые слова: архив, источниковедение, художественный почерк, методика, жанровые основы, личная библиотека.

1. Кіріспе

Қазақ халқының мәдени, әдеби даму тарихында жазушы, драматург, публицист, зерттеуші, аудармашы әрі аса ірі қоғам қайраткері Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің алатын орны ерекше. Ол – ауыз әдебиеті мен классикалық әдебиеттің, батыс пен шығыс көркем сөз мұрасының озық дәстүрін жете меңгеріп, қазіргі дәуірдегі қазақ әдебиетінің реалистік сапасын арттыруға, әдеби тілді байытуға ересен зор еңбек сіңірген ХХ ғасырдың ұлы жазушысы. Шығармашылық сапары өткен ғасырдың алғашқы жылдарындағы дауылды дүрбелеңімен, яғни қазан төңкерісімен тұстас

келген суреткер 20-жылдардың бас кезінде жазылған «Қорғансыздың күнінен» «Абай жолы» роман-эпопеясына, «Еңлік-Кебек» трагедиясынан «Қарақыпшақ Қобыландыға», отызыншы жылдардағы әңгімесі – «Білекке білектен» – «Өскен өркен» романына, эпос, әдебиет тарихы туралы мақалаларынан КСРО халықтары әдебиетіндегі дәстүр мен жаңашылдық, ұлттық және интернационалистік сипат мәселелеріне арналған терең теориялық зерттеулеріне дейін ұзақ та жемісті жол кешті. Оның бүкіл қазақ әдебиетінің асқақ тұрған күмбезіндей «Абай жолы» роман-эпопеясы әлемдік даңққа ие болды. М.Әуезовтің таңдаулы шығармалары осы заман әдебиетінің жер жүзілік көлемде танылған жаңашылдығын дәлелдеді. «Әдеби еңбек – негізінен автордың идеясын білдіру құралы болып табылатын өнер түрі. Адам өмірі мен ол бастан кешетін түрлі мәселелер автордың әдеби шығарма жазудағы шабыт көзі болып келеді. Сондай-ақ әдеби шығарма – автордың өмірге көзқарасын жеткізу құралы. Мұндай жағдайда, автор өзі бейнелейтін адам өмірінің шындығын айқындап алады» (Danik S., Herman J.W., Kundharu S, 2021).

Мұхтар Әуезовтің рухани мұрасы жалпыадамзаттық ортақ игілік маңыздылығында ондаған жылдар бойы арнайы, іргелі зерттеулер ауқымында қазіргі әуезовтанудың өзегіне айналды. Қазақ әдебиетінің тарихында шығармашылық тұлға мұрасын арнайы зерттеу, тұлғатану бағытында басым зерттеліп отырғанның өзінде Мұхтар Әуезов мұрасын ғұмырбаяндық фактілер өзектілігінде игерудің маңызды бағыттары күн тәртібінде тұр.

Қиын уақыттарда өз биографиясын толықтырып жазудан да шектеу көрген Мұхтар Әуезовтің жеке кітапханасы қазірде «Мұхтар Әуезов үйі» ҒМО сақтаулы тұр. М. Әуезов үйіндегі кітапхананы арнайы тізімге алып, қысқаша анықтама, сипаттамасын жасау ісі 2015 жылы жүргізіледі.

Зерттеуші Қ. Мәдібаева «Мұхтар Әуезов кітапханасы» атты Анықтамалық-зерттеу еңбек жарық көргелі де бірнеше жыл өткендігін айтады. Таралымы бар-жоғы 500 дана болып шыққан анықтамалықтағы жазушының шығармашылық зертханасына қатысты елеулі деректер бойынша арнайы зерттеу жұмысын жүргізу өзектілігі барына назар аударады.

Мұхтар Әуезов кітапханасын әлемдік тәжірибе ауқымында жеке тұлғаның жалпыадамзаттық рухани қормен жұмыс істеу тәсілі; жеке кітапханадағы кітаптардың тақырыптық бағыты, жанры; жазушының кітаппен жұмыс барысында қарындашпен, қаламмен сызып, белгі-таңбалар түсіріп айрықшалап отыратын мәтіндердің көркемдік, тарихи, дүниетанымдық дінтанымдық, тілтанымдық бағыттардағы мән-маңызы; оқыған тұтас адамзатқа ортақ игілігінен бойына сіңіргені, ойына ой қосуы, жалпы тұлғалық сапасын байыту факторы есебіндегі кітап фактісі; тақырыптық әдебиеттерді талдап, талғап оқудағы басымдық беретін бағыттары; жинаған кітапхана қорындағы жеке кітап бойынша текстологиялық жұмыстар; бағалаудағы қысқа, жедел пікірлер тасаланған белгі-таңбалар бойынша зерттеу қилы саяси-идеологиялық қыспақта өрістеген отандық әдебиеттану ғылымының тұлғатану бойынша толымды, мақсатты нәтижелерге қол жеткізуі бағытында өзіндік мәнге ие болмақ.

Профессор Гүлзия Пірәлі еңбектерінде бірегей тағдырлы тұлғаның ұлтжандылығы; зор ғылыми әлеуеті; кісілік бай мазмұны әуезовтанудағы танылым тарихы, өзекті әуезовтану өрісінде негізделді (Мәдібай, 2022). Ғалым Мұхтар Әуезов музей үйінің 60 жылдық тарихындағы ғылыми дәстүрлер өнегесінде ілгерідегі Н.М. Әуезова, М. Мырзахметов, Т. Әкім, А. Қуанышбаев, З. Серікқалиев, Т. Жұртбай, Б. Майтанов, Р. Әбдіғұлова, т.б. орнықтырған зерттеу тәжірибесімен сабақтастықта жұмыс жүргізген.

Айтулы тұлғалардың кітапханасы мен олардың кітап оқу тәсілдері, өзіне ғана мәлім белгімен таңбалап отыру дағдылары бойынша жүргізілетін зерттеулердің әлемдік тәжірибесінде, Әуезов кітапханасындағы 6 мыңнан астам әрбір кітаптың әрбір белгісіне ғылыми түсініктеме жазылуы өзектілігінде аса құнды дерекнамалық түзілім, Анықтамалық сипаттама жасалғандығы – атап айтарлық бастама.

Жинақты баспаға әзірлеген білікті әуезовтанушы Г. Пірәлі Мұхтар Әуезов кітапханасы, ондағы түрлі белгі-таңбалар тарихи-мәдени ескерткіш, іргелі зерттеу нысаны болып табылатынын орынды атап көрсеткен (Мәдібай, 2023).

Жеке тұлға кітапханасының руханият тарихындағы мән-маңызын жинақта Алғы сөзінде кең қамтып ой өрбітіп, осы бағытта жазылған бірқанша зерттеу еңбектің библиографиясын ұсынған.

Осы мақалада Мұхтар Әуезовтің жеке кітапханасының жалпы қалпы, ғылыми зерттеулерде өзіндік дерекнамалық тұғыр болу әлеуеті туралы, осы бағытта арнайы зерттеу жүргізу өзектілігі айқындалып, қисындалады. Мұхтар Әуезов әлемдік көркем сөздің үздік үлгілерімен жұмыс бағытында, адамзат тарихының қилы белес деректерінде, тұтас адамзаттық дүниетаным кеңістігінде бейтарап, азат ұстанымдарын әдісін тауып түсіріп отырған шартты таңба-белгілерінде ұлттық құндылықтарды қызғыштай қорудың, жаттың жетегіне байлап жібермеудің бұзылмайтын, бұлжымайтын жолын салды.

Мұхтар Әуезовтің жалпыадамзаттық өредегі дара бітіміне құр тамсану – бос сөз. Тұлғалық айрықшалығы қаламгердің жеке кітапханасындағы кітаппен жұмыс бағытында да мазмұн ашады. Ол астын сызып оқыған мәтін туралы мәлімет сол мәтіннің мазмұнымен танысуға асықтырса керек.

2. Материалдар мен әдістер

2.1 Зерттеу әдістері

М.Әуезов сан қырлы шығармашылығы туралы кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғалып, ғылыми зерттеу еңбектері жазылды. М. Әуезовтің әңгімелерін зерттеген З. Ахметов, С. Қирабаев, Б. Майтанов, Т. Жұртбай, З. Бисенғали, К. Сыздықов, А. Ісімақова, Г. Пірәлиева, Ж. Әлмашұлы т.б. ғалымдардың еңбегі орасан зор.

Мақала материалдары ретінде филология ғылымдарының докторы, профессор Г. Пірәлі баспаға әзірлеген «Мұхтар Әуезов кітапханасы» Анықтамалық-зерттеу еңбек әлемдік тәжірибедегі жеке қаламгер кітапханасын зерттеу бойынша жазылған жекелеген еңбектер мен профессор Қ. Мәдібай зерттеулері нысанаға алынды. Мақаланы жазу барысында талдау, салыстыру, саралау, қорыту әдістері қолданылды.

Аталған ғалымдардың еңбектерін негізге ала отырып, Мұхтар Әуезовтің 6000 аталым түзілген жеке кітапханасы бойынша тақырыптық бағытта талдау жасалып, толымды ғылыми сипаттама жасау бойынша ұсыныс, болжамдар айтылды.

2.2 Материалға сипаттама

М.Әуезов шығармашылығын зерттеуші жазушы-ғалым Т. Жұртбайдың сөзімен айтсақ: «Әуезовтің өмірі мен шығармашылық жолының өзі қазақ мәдениетінің рухани тарихындағы құбылыс. Ол сан-салалы және жинақтай зерттеуді қажет етеді», – деп ескертеді (Жұртбай, 2003:18). Қаламгерлік шығармашылық ғұмырбаянды жеке кітапхана тұрғысынан арнайы зерттеудің әлемдік тәжірибесінде Мұхтар Әуезовтің жеке кітапханасын зерттеуге таратуға болатын материалдық база бар.

Жеке кітапханада сақталып отырған әрбір басылымның нақтылы бір данасын оқу барысында түсіріліп отырған, кітап мазмұнына тиесілі, құндылық дерегіне орай кітапхана иесінің өз қолымен жазылған құптау, терістеу, ескертпе, ой қосу сынды жазбалар, жүйелі, қайталанып отыратын бірнеше шартты таңбалар бар.

Кітапхана XX ғасырдың 50-жылдарының басында қоныстанған жазушының жаңа мекен жайының астыңғы қабатындағы кең жұмыс бөлмесінде, Мұхтар Әуезовтің өз қалауымен реттеліп қойылған. Жеке кітапханадағы әдебиеттері; Үлкен Кеңес Энциклопедиясы; әлем, орыс, қазақ әдебиеті бойынша жеке авторлардың шығармалар жинақтары; тарихи-танымдық әдебиеттерден; жазушыға авторлық қолтаңба қойылып сыйға тартылған кітаптардан; сол кезеңде жарық көріп тұрған әдеби журналдар, мерзімді баспасөз даналарынан түзілген.

1930 жылы Ташкентте ұсталып, Алматы түрмесінде 1932 жылға дейін отырған Мұхтар Әуезовтің ілгергі уақыттағы кітапханасы қилы себептерден сақталмаған. «Әуезов үйі» ҒМО-дағы жеке кітапханасында әлдеқалай жағдайларда 1930-жылға шейінгі кітапханасынан сақталып жеткен болуы мүмкін XIX ғасырдың аяғында, XX ғасырдың басы мен орта тұсында жарық көрген бірен-саран кітап даналары бар. Мәселен, кітап түзілімі берілген Анықтамалық зерттеудегі 381, 385, 400-ші ретпен тұрған И.С. Чеканинскийдің «Казахская поэма Козу Курпеш и Баян слу» (Семей, 1929), осы автордың «Литература по вопросу восстания туземцев Средней Азии в 1916 году» (Семей, 1929), М. Тынышбаевтың «Киргиз-казаки в 17 и 18 веках (Дополнение к материалам к истории киргиз-казахского народа)» (1926) т.б. 1930 жылға шейінгі басылымдар.

М. Әуезовтің жеке кітапханасы – жалпыадамзаттық құндылықтар игілігінде жақталып түзілген, аса зор танымдық талғаммен, кітап жинау мен кітап оқудың биік мәдениет орныққан озық дәстүрлерінде жазушының шығармашылық зертханасына да айтулы ықпалы тиген зор рухани мұра.

Мұхтар Әуезовтің шығармашылық мұрасын игеруде сан-сала өнімді еңбек бағыттарында тұлғаланған дара болмысын ұрпақ игілігінде танып, бағалауда жазушы тұтынған жеке кітапханада әлі де айтылып, айғақталмаған дәуір, жеке тұлға тағдырына, ұлттық құндылықтарды қастерлеп, сақтауға қатысты ғылыми айналымға тартылуы тиісті мол дерекнамалық қор сақталып отыр.

Әлемдік руханияттағы жеке кітапхана мәселесін арнайы зерттеу дәстүрінде қолға алып, жұмыс жүргізуге қолайлы мәтіндік база бар. Қаламгердің жеке кітапханасын тарихи-мәдени маңыздылығында зерттеу тәжірибесі қазақ әдебиеттану ғылымында, тұлғатануда орыс әдебиеттануындағыдай арнайы, өндіре зерттелген бағыт деп айта алмаймыз (Макарова, 1997:100); (Мыльников, 1976:70); (Мыльников, 1986: 44); (Балыкова, 2003: 22).

Жеке кітапханада сақталған әрбір кітап данасына түсіріліп отырған, жазушының өзіне ғана тиесілі, жан құпиясын бөліскен шартты таңбе-белгілер бойынша да әлемдік әдеби мұрамен жұмыс тәжірибесінде назар аударып, кәдеге жаратуға болатын И.В. Поздееваның «Записи на старопечатных книгах кирилловского шрифта как исторический источник» (Поздеева, 1978:54), Л.Н. Пушкиревичтің «Записи на книгах как источник по истории культуры» (Пушкарёв, 2001: 115) сынды еңбектері оңтайлы зерттеу тәсілдері, әдістер бар.

Мұхтар Әуезов кітапханасы бойынша шығармашылық тұлға зертханасы маңыздалған ғылыми түсініктер жазуда Л.А. Балыкованың «Мемориальная библиотека И.С. Тургенева как источник для изучения биографии и творчества писателя» атты канд.дисс. Авторефератының (2003), Д.П. Голеваның «Некоторые аспекты изучения надписей на книгах» (1990), О.С. Когизаровтың «Сталин. Штрихи к портрету на фоне его библиотеки и архива» (2000), Ю.У. Каскинаның «Шахматовская библиотека А.А. Блока как источник изучения его жизни и творчества» атты канд. дисс. Авторефератының, т.б. кітап және кітапхана бойынша зерттеу жұмыстар жүргізу теориясы, әдіснамасы мен тәжірибесі қамтылған еңбектердің елеулі септігі тиетіндігі даусыз.

3. Талқылау

Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымында шығармашылық тұлғаның жеке кітапханасы бойынша мақсатты зерттеулер жүргізу кенже дамып отырған өзекті ғылыми бағыт.

Профессор Қ. Мәдібай қаламгер кітапханасымен тарихи-мәдени мұра мәнінде арнайы жұмыс жүргізудің жекелеген тәжірибесі болғанымен, тұтас шығармашылық ғұмырбаян ауқымында Мұхтар Әуезов сынды бай кітапхана қоры сақталып отырған қаламгер мұрасы жеке кітап қорында белгі түсіріліп отырған көркемдік-танымдық маңыздылығында тұлғалық ұстанымдарға ықпалы, қатысы тұрғысынан арнайы зерттеулерді күтетінін айтады.

Мұхтар Әуезовтің жеке кітапханасын шығармашылық зертхана мәнінде зерттеуде қаламгердің өз туындыларына қатысты түзетулер, өзгертулер түскен басылым даналары бойынша арнайы текстологиялық жұмыстар жүргізуде жазушының өз шығармасына тиесілі авторлық редакциялау жүргізу тәсілдерінен хабардар болатындығымыз даусыз.

Бұл, әсіресе, Мұхтар Әуезов сынды әлемдік деңгейде мойындалған классик жазушының «Абай жолы» роман-эпопеясының жазылу тарихынан, шығарманың алғашқы кітабы мен соңғы толық редакциясы аралығындағы жазушының жұмыс

бағытын, жазудағы көркемдеу тәсілдерін айқындаумен бірге Абай туралы романдарға дүркін-дүркін айтылған сынға, көп талқыға қатысты ырықсыз енгізген түзетулерін нақтылауға да болар еді.

Мұхтар Әуезовтің Абайдың әдеби мұрасын жинау, баспадан шығару, жалпы абайтанудың өзекті ғылыми бағыттарындағы тарихи еңбегі бойынша жеке кітапханадағы Абайдың толық жинақтарының кезекті басылымына қатысты жүргізген өңдеу, пысықтау жұмыстары қазіргі абайтанудың өзекті мәселелерінде елеулі мәнге ие. Сонымен қатар жеке кітапхана Мұхтар Әуезовтің түркі халықтарының тарихына қатысты; тарихи тұлғалар ғұмырбаяны бойынша; әлемдік классиканың жауһар үлгілерін бағалау, таныту ұстанымында; қазақ әдебиеті өкілдерінің жеке шығармаларына қатысты пікір білдіріп отыру үрдісінде елеулі ақпараттық, дерекнамалық, көркемдік-танымдық маңызға ие.

«Мұхтар Әуезов кітапханасы» Анықтамалық зерттеу еңбектің Алғы сөзінде кітаппен жұмыс істеу дағдысын аша түсетін бірқатар деректер келтіріліп отырады.

«Кітаппен жұмыс істеудегі тағы бір таңғаларлық феномен: орыс библиографы, жазушысы, кітаптанушы Н.А. Рубанин екен. Ол қайтыс болар алдында оқыған, қараған 250 мың кітаптың кестесін жасапты. 230 мың кітап жинаған, 49 ірі ғылыми еңбек жазған, өзін-өзі жетілдіру бойынша 15000 программа жасаған, осы мақсатта 350 мақала жарияланған» («Мұхтар Әуезов кітапханасы», 2015: 31)

Кітаппен жұмыстың Мұхтар Әуезовтің жеке өз тұлғасына қатысты зерттеу міндеттерінде Алғы сөз орнына жазылған көлемді кіріспе бөлімдегі Зейін Шашкиннің «Теміртау» романына(Шашкин, 1960) қатысты бір деректі де айтуға болады.

«Осы ойды айғақтайтын тағы бір факт – әдебиеттанушы, аудармашы, М. Әуезовтің ең жанашыр отбасылық достарының бірі Зоя Кедринаның бұрын еш жерде жарияланбаған 1961 жылы 8-шілдеде Валентина Николаевнаға ұлы жазушыны соңғы рет қашан, қандай жағдайда көргені туралы жазған хатында келтірілген. Онда З. Кедрина: «... Мухтар был очень доволен всей обстановкой в больнице. У него было ровное хорошее настроение. Он показывал нам свою палату, вид из окна и с балкона. На столе у него были книги. Он читал «Темиртау» Шашкина, сказал, что книга неплохая...» – деп жазады» (Кедрина, 1951: 72).

Бұл, Мұхтар Әуезов қайтыс болғаннан кейін (27-маусым, 1961 ж.) он шақты шақты күннен соң (8-шілде, 1961 ж.) жазылған хаттағы айтылған, З. Кедрина ауруханада көрген «Теміртау» романының кітабы қазірде Мұхтар Әуезовтің жеке кітапхана қорында тұр деп болжауымызға болады. Кітап белгі соғылып, сөйлемдердің астын сызып оқылған. Мұхтар Әуезовтің өз қолымен оқып отырып шартты таңбалар қойып оқыған кітабы.

Жазушы ғұмырбаянындағы кітапқа қатысты бір деректің қаламгердің қазақ әдебиеті өкілдеріне деген пейіл-ықыласы, жанашыр достық, ағалық ақыл-кеңесі, тұлғалық қарым-қатынас әдебі тұрғысында мәнді.

«Теміртау» романының Мұхтар Әуезов оқыған данасының кітапханаға Мәскеуден қалай жеткендігі, жазушының кітап бетіне түскен жеке өз басына ғана айғақты

белгі-ескертпелері мен Зейін Шашкинге жазған пікірі тұлғалық дара болмысты таныта түсер адамдық сапа ауқымында маңызды. Мұхтар Әуезов кітапханасында Абай шығармаларының 1945 жылғы толық жинағының абайтану тарихы үшін де, әуезовтану бойынша да маңызы бар жазушының өз қолымен жасаған түзетулер түскен бір данасы сақталған (Мұхтар Әуезов кітапханасы, 2015).

«1-бетке «ІХ-ХІІ-ХІІІ-ХХІ-ХІХ – теріс 8 жол» деп шарикті қаламмен жазған. ХХ – ХХІІ-беттегі «Абай өлең жазуға он жасынан бастап талаптанған және жасында, Семейдегі оқудан ауылына қайтып келген соң-ақ жаза бастаған. Бірақ, ол 37 жасында, 1882-жылы «Қан сонарда» деген өлеңіне дейінгі өлеңдерінің бірен-саранын ғана сақтап, көпшілігі сақталмаған» деген абзацтың қасына «1, +», Абай өз атымен емес, ақын шәкірті Көкбайдың атымен бастырған» деген сөйлемнің астын қызыл қарындашпен сызып, оқыған. ХХХІІІ-ХХІХ беттерге 2-рет «М., М» және «//» белгілерін қойған. «Абайдың өмір баянын жазып, Абайдың сөздерін жөндеп беруге басшылық еткен проф. М.Әуезов» деген сөйлемді де сызыпты. Кітап: 1-кітап. Абайдың өлеңдері, ІІ-кітап. Поэмалары. ІІІ-кітап. Ғақлия, қара сөздері, ІХ-кітап. «Түсініктер». 7,9-10, 19-беттерге «Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек» деген сөздің қасына «керемет», «Жамандар қыла алмай жүр адал еңбек» деген жерге «жаман кім?» деп сауал қойыпты. 20-беттегі «наданға» дегенге «надан» деп түзету енгізіпті. «Ел бұзар», 21-бетте «әкім кім?» дейді» (Мұхтар Әуезов кітапханасы, 2015: 38/8).

1945 жылғы толық жинақ бойынша түсіп отырған түзету, белгілердің ішінде Абайдың бірде «өнбес», бірде «ойнас» болып жазылып, жеке жинақтарда екі нұсқасында да жарық көріп келе жатқан бір сөзге қатысты Мұхтар Әуезовтің былайша анықтама бергенін көреміз.

«31-беттегі «...ойнас» деген сөздің тұсына «*натурализм*», «қаншыққа» деген сөзге де «*тоже*», «салақ, олақ, ойнасшы, керім-кербез» деген сөздерге де «*тоже*», «*ер-жар*» депті» (Мұхтар Әуезов кітапханасы, 2015: 389).

Осы толық жинақтағы аударма туындыларға қатысты да жалықпай, әр өлең бойынша пікір, ескертпе айтылып отырады.

Мұхтар Әуезов түркі халықтары әдебиеті өкілдерінің шығармаларын оқу барысында да елеулі белгілер түсіріп, аялдап отырған. Қазақ эпосына қатысты да бүгінгі ғылым үшін мәнді, тарқата зерттеуді қажет ететін өзекті тарихи-танымдық өріс түзілген кітапхана жәдігерлерін тақырыптық-типологиялық тұрғыдан арнайы зерттеу жазушының шығармашылық ғұмырбаянын толықтырып жазу үшін қандай маңызды десек, тұтас адамзат өркениетіндегі тұлға феноменінде маңызданған сарқылмайтын құндылық игіліктерге өріс ашатын елеулі рухани фактор мәнінде де соншалықты кәделі.

Мұхтар Әуезовтің тарихи-танымдық, энциклопедиялық әдебиеттерге басымдық беріп оқитындығы осы жеке кітапхана қорындағы сақталған кітап даналарынан көрініп отырады. Бұған қарап жазушы көркем шығарма оқуды екінші кезекте ұстаған деген ой тумаса керек. Мұхтар Әуезов орыс классикасынан И.С. Тургеневтің шығармаларын белгі түсіріп, астын сызып отырып оқыған. Л.Н. Толстой туралы В.И. Лениннің жазғандарын оқиды.

Мұхтар Әуезов өмірінің соңғы кезеңінде Үндістан, Жапония, АҚШ мемлекеттеріне үкімет делегациясы құрамында барған ресми сапарлар қарсаңында сол ел туралы мол мағлұмат жинап, зерттеп еңбектермен танысып отырған.

Адамзат ғасырлар бойы құнарландырып отырған рухани зор байлықтан, өркениет, мәдениет кәусарынан қанып ішкен Мұхтар Әуезовтің жеке кітапханасы бойынша бірнеше бағытта зерттеу жұмыстар жүргізілу өзектілігін жеке кітапхана қорындағы жазушы қолтаңбасы, әлі де ашыла қоймаған көпшілік белгілеулер бойынша арнайы тақырыптық-типологиялық зерттеу жүргізілу қажеттілігі міндеттегеп отырған жұмыс бағыттары – қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымның; тұлғатанудың өрісті арнасы. Енді бір тұста Сырым Датұлы көтерілісіне мән берілгенін байқамау мүмкін емес. Бұл тұрғыда да сол еңбекті тұтас қарау артық емес.

«427. 2/5. Проспект первого тома «Истории Казахской ССР с древнейших времен до Великой Октябрьской соц. рев.». 1951. 1783-1797 астына 14 жыл деп қызыл қарындашпен қоршап жазыпты. Көк қарындашпен сызуда не мән бар? Көк қарындашпен сызылып оқылған дегенді көзбен көру керек. Қызыл, күлгін, қара, көк қарынд. және «+», «/», «//», «-», «М», т.б. шартты белгілер қойылған мәтін мәнін өзара сабақтастықта алып отырып та бір сырларды ашуға болар. Бәлкім «М» – менің пікірім де осымен үндеседі дегенді білдіреді. «+» – сөз жоқ, оң баға. «-» – құптамау, терістеу. «/», «//» – әзірге болжау қиындау. Зандылығын барлап көру керек. «/» – аса риза болу. «?» бұл не байлам дегені. Сызылып оқилуы. Мән бергенін, есте қалдыру үшін белгі соққанын білдірсе керек. Көркем шығармадан гөрі анықтамалық әдебиет, тарихи-танымдық еңбектерге белгі соғып отырған. Архив материалдарына қызығушылық бар

Жеке қаламгер кітапханасы бойынша Мұхтар Әуезовтің 6000 аталыммен тіркеліп, түзілген кітапханасына тиесілі жүргізілген арнайы зерттеудің тұлғатанушы-әдебиеттанушы, кітапхана ісі мамандарының жұмыс бағыты үшін де теориялық, тәжірибелік мәні бар.

Қазақ қаламгерлерінің еңбегін оқып, қадағалап, пікір білдіріп отыруға ынталы болғанын 1949 жылы жарық көрген «Жастар даусы» Қазақстан жас ақындарының таңдамалы өлеңдері мен поэмаларының жинағына, жас ақындардың «Жас қанат» (1959) кітабына түсірген белгілері де көрсетеді.

Екі жинақта да «+» белгілері, құптау ниеті басым. Осы жинақтарда аты аталып, шығармалары бағаланған С. Сейітов, Т. Әлімқұлов, Т. Ахтанов, А. Лекеров, С. Дайырбеков, А. Шамкенов, Т. Төгісов, Б. Ысқақов, Ж. Нұрбеков, Т. Жабаев, Ж. Өмірбеков, Б. Аманшин, І. Мәмбетов, Т. Шопашев, Т. Молдағалиев, С. Жиенбаевтар Мұхтар Әуезовтің жалпы жағымды пікір, ескертпе, қолдаулары туралы білді, бірақ дәл қай сөз, қай туынды қалай бағаланғанын кітап бетіндегі жазуларында сөз бе сөз көріп, білген дей алмаймыз.

Қазақ қаламгерлерінің ішінде Ә. Әбішев, Т. Ахтанов шығармаларына, Ғ. Сланов пен З. Шашкинді мұқият оқығанын көрсетіп, баға беріп отырғаны бойынша белгі түскен кітап даналары жазушы кітапханасында тұр. Қай тұстары көңілден шықты

– көрсетіп отырады. Әуезовтің жедел бағалау машығындағы жұмбақ әдіс-тәсілдер, қос сызық неге қойылды, қызыл қарындашпен сызып оқу нені білдіреді? Жасыл неге бір-екі жерде ғана қолданылған? сынды беймәлім таңба-белгілер біраз «сыр ашады».

«Мұхтар Әуезов кітапханасында» келтіріліп отыратын «Ешқандай белгі қойылмаған» деген нақтылау, берілген әрбір белгі, таңба, әрбір оқылған кітап, көркем туынды маңызды.

Жай ғана бір фактінің ар жағында бой тасалаған ғұмырбаяндық деректердің, зерттеу ұстанымдарының ғылыми айналымға түсуі өзекті.

Мұхтар Әуезовтің Есмағамбет Ысмайыловтан алған Зейін Шашкиннің «Теміртау» романын Мәскеуде ауруханада жатқанда оқығанын, әрі шығарма туралы пікірін авторға хат етіп жазғанын; Кунцевода ота жасатар алдында көңілін сұрап барған З.С. Кедринаның В.Н. Кузьмина – Әуезоваға хатында айтқанынан да білетінбіз.

Сонымен бірге әртүрлі кезеңдерде пьесаларының сілтемесі, сыны турасында түрлі қарындаштармен сызып оқығаны, белгілер қойғанын көруге болады. 1940 жылы 29 қаңтарда Қазақтың опера және балет театрында «Бекет» операсының премьерасы өтті. Либреттосын жазған М.Әуезов. «/» – аса риза болу. 1941 жылы 7 қараша Қазақтың опера және балет театрында «Сын сағатта» пьесасының премьерасы көрсетілді. («КП». 1941, 7 қараша).

1943 жылы Алматыда КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалының Тіл, әдебиет және тарих институтының М. Ғабдуллинге арналған ғылыми кеңесі болды. Мәжіліске орыс ғалымдары И.И. Мещаников, А.М. Панкратова, С.Е. Малов және өзі қатысқандығы туралы белгі қойылады. «/» – әзірге болжау қиындау. Зандылығын барлап көру керек. «/» – аса риза болу. «?» бұл не байлам дегені. 1944 жылы, 30 мамырда Алматыда қазақ поэзиясының кеші өтті. Жазушы М. Әуезов кіріспе сөз сөйлейді. Кіріспе сөзі сақталған. Кеште Т. Жароков, Ж. Сыздықов, Қ. Жұмалиев, Ғ. Малдыбаев т.б өлең оқиды. Өлеңдеріне талдама жасаған. Кейін «Жастар дауысы» жинаққа басылды.

1944 жылы 16 қыркүйекте Мәскеуде театрлардың басқармасының ұлт драматургия комиссиясы қазақ драматургтерінің таңдаулы пьесалары талқыланып, М. Әуезовтің «Абай» пьесасы (аударған Соболев Л.) орыс сахнасына қоюға шешім қабылдады. Сонымен бірге Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» (аударған А. Дроздов) С. Мұқанов «Шоқан Уәлиханов» (аударған В. Шкловский) бұл жайлы арнаулы папка бар. Астары сызылған. «/» – аса риза болу. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының Абайдың туғанына 100 жыл толуына орай төртінші салтанатты пленум болған. М. Әуезов «Абайдың өмірі мен еңбегі», Ә.Тәжібаев «Абай және қазақ әдебиеті», Ғ. Мүсірепов «Абай және орыс классиктері» баяндамалары тыңдалған. Ол «СҚ», 1945.-18-19 тамыз, «КП» 15-19 номерінде жарияланған. Олар сақтаулы. Оқылған. Асты көк қарындашпен сызылған. 1950 жылы Мәскеуде КСРО Жазушылар одағының 8 пленумында М. Әуезовті Жазушылар одағына құрамына енгізеді.

1959 жылы Қазақстан Жазушылары одағының ІҮ съезі өтті. Съезде кіріспе сөзді М. Әуезов ашты. Есеп беру дәуіріндегі «Қазақ әдебиетінің дамуы және партияның

жиырма бірінші сиездіне орай Қазақстан жазушыларының міндеттері» баяндаманы Ғ. Мүсірепов жасады. Осы тұста жарыссөзге шығып сөйлеушілер турасында белгі қойылған. Жарыссөзде С. Бегалин, А. Тоқмағанбетов, М. Қаратаев, С. Қирабаев, Х. Ерғалиев, З.С. Кедрина, өзбек ақыны Ғ. Гулям, грузин ақыны Иосиф Нонешвили сөйлегендеріне белгілер қойылған. «/» – аса риза болу. 1959 жылы М. Ғабдуллиннің «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғаны жайлы белгі бар. «+» – сөз жоқ, оң баға.

Мұхтар Әуезов кітапханасы негізінен тек өзі ғана пайдаланған, қолданған кітап нұсқаларынан тұратынын, көпшілікке қолжетімді болмағанын, қазірде де кілттеулі шкафтарда тұрғанын ескергенде көп өлеңі, көп сөзі Мұқаңа ұнаған қаламгерлер аға дос жазушының игілік пейілін аса сезінгенімен, нақты толық оқылған шығарма нұсқасында таныс болмаған деп болжаймыз. Қазірде Мұқаң да, аты аталған қаламгерлер де бұл өмірден өткен.

Мұхтар Әуезов кітапханасы мен жұмыс кабинетіндегі ретімен танысуға мүмкіндік беріп отырған «Мұхтар Әуезов кітапханасы» анықтамалық зерттеу кітабы айтып тауыспастай мол игіліктің бұлақ көзі іспетті, қаумалап, бірінен-бірі туындаған қажет, танымдық, тағылымды мол дүние кес-кестей береді.

4. Зерттеу нәтижесі

Әлемнің жазушылары мен ғалымдары жоғары баға берген адамзаттың Әуезові-нің шығармашылық мұрасын бүгінгі және болашақтағы ұрпаққа таныту – әдебиеттегі маңызды мәселелердің бірі. Осы орайда жазушы шығармашылығын әлемдік әдеби дәстүрмен сабақтастыра отырып қарастырған ф.ғ.д., профессор Р. Нұрғали: «Әуезов әлемі – Шығыстың ежелгі өнері мен Батыстың алдыңғы қатарлы мәдениетінің тоғысуынан туған дүниежүзілік мәні бар құбылыс. М. Әуезов өнері – қазақ халқының қайта түлеу заманында туған өнер» (Нұрғали, 2005:24)- деп жоғары бағалайды. Аса бір ыждаһатпен түзіліп, әр данасы мұқият қаралып, белгілі бір деңгейде бұл жеке кітапхананың тарихи-рухани маңыздылығына сипаттама берілген «Мұхтар Әуезов кітапханасы» жинағы тақырып бойынша келешек зерттеулерге орнықты материалдық тұғыр болып танылады.

Мұхтар Әуезовтің кітаппен жұмыс тәсілі, қараған әдебиеттердегі көбінде араб қарпімен түскен жазбалар, жеке-шартты таңбалар, жазушы ден қойған танымдық, дерекнамалық материалдардың жеке шығармашылық бағытына тигізген ықпал-әсеріне қатысты нақтылаулар, ой-болжамдар ғылыми айналымға түседі.

Мұхтар Әуезовтің Абайдың әдеби мұрасын ғылыми негізде игеру бағытындағы ғұмырлық еңбегі кітапхана қорындағы кітап даналарына түскен түзету, ескерту, құптау, т.б. шартты белгі-таңбалар бойынша Абай шығармаларының әр жылдардағы басылымдарымен, қолжазба нұсқаларымен арнайы мәтінтанымдық салыстырулар жасауға міндеттейді.

Әлем әдебиетінің классикалық үлгілерінде, жалпы тарихи-танымдық әдебиетте жазушы Мұхтар Әуезов нендей шығармашылық өрістерге ден қойды дейтін шығармашылық ғұмырбаян зертханасы бойынша тың, беймәлім деректер айналымға

түседі. М. Әуезов шығармашылығы халықаралық деңгейде – шетелдік әдеби энциклопедиялар мен анықтамалықтарға да енді. XX ғасырдың 80-90 жылдарында Мұхтар Әуезов есімі алғаш рет Брокгауз энциклопедиясы (Brockhaus, 1987) мен Кренердің әлем әдебиеті энциклопедиясы (Kröner, 1988) сияқты белгілі неміс энциклопедияларында кездеседі.

Мұхтар Әуезов сынды жалпыадамзаттық бірегей тұлғалық тұптамыр кісілік негіздері бүгінгі буынға нақтылы кітап факторында да өнеге дарытады.

5. Қорытынды

Бұл мақалада профессор Қ.Мәдібай зерттеулеріндегі «Мұхтар Әуезов Үйі» ғылыми-мәдени орталығында, жазушы 1951-1961 жылдар аралығында тұрған жекежайда жиналып, сақталған кітапхананың тарихи-рухани ескерткіш мәніндегі құндылығы қазіргі әуезовтанудың өзекті зерттеу арналарымен сабақтастық маңыздылығында байыпталды.

Мұхтар Әуезовтің қилы уақыттардың идеологиялық қысымында шығармашылық бағыттарында пайдаланып отырған бай рухани қазынаның елеулі бөлігі, 1930 жылға шейінгі кітапханасы тәркіленіп кеткендігі айтылады.

Қазіргі «Мұхтар Әуезов Үйі» ҒМО тұрған кітапхана – 6000-нан астам көркем шығарма; ғылыми-танымдық әдебиет; энциклопедиялық анықтамалықтар; сөздіктер; мерзімді газет-журналдардан тұратын елеулі рухани қор, бағалы құндылық мәнінде; жазушының шығармашылық зертханасындағы ықпалды фактор есебінде арнайы тақырыптық-типологиялық тұрғыдан зерттелу ұстанымдарын орнықтыру өзектілігінде сараланып, сәйкес байламдар, ықтимал болжамдар жасалды.

Мақала бойынша жұмыс барысында кітапхана қорындағы жеке жинақтарға қилы шартты белгілермен таңбаланып, түсіп отырған Мұхтар Әуезов құптау, пікір қосу, терістеу, ой таластыру – шығарма идеясына, дерегіне, мазмұнына қатысып отыру тәсілдеріне қатысты зерттеулер өзектілігін айқындауға қол жеткізілді. Шығармашылық тұлға мұрасын жеке кітапхана бойынша зерттеу – әлемдік тәжірибеде орныққан ғылыми бағыт. Алайда отандық әдебиеттану ғылымында бұл сала бойынша арнайы зерттеулер жүргізу қилы себептерден кенжелеп келеді.

Абайтану ісін негіздеп, ғылыми жүйеге түсірген – М. Әуезов. «Абайтанудың алғашқы негізін де М. Әуезов жазған Абайдың ғылыми өмірбаянында жатқаны мәлім, Абай өмірбаянын ғылыми негізде жаза отырып М. Әуезов абайтану саласындағы бірнеше күрделі мәселелерді тұтастай қарастыруды бірден қолға алды» (Құрманғалиева Г.Т., Картаева А.М, 2022:167). Абайдың ақындық кітапханасын зерттеудің уақыт факторына идеологиялық қысымға қатысты, жазу өзгерулерінде туындаған елеулі кедергілері қазірде де сақталып отыр. Мұхтар Әуезовтің жеке кітапханасындағы әдебиет негізінен қазіргі кирилл жазуында. 2015 жылы жарық көрген, кітапхана қоры түзілген «Мұхтар Әуезов кітапханасы» атты Анықтамалығы негізінде жазушы кітапханасы бойынша арнайы ғылыми сипаттама жазылуын, нақтылы тақырыптық-типологиялық, мәтіннамалық саралаулар жүргізілуін әдіснамалық, дерекнамалық, теориялық тұрғыдан қисындау мәселесі қазіргі әуезовтанудың күн тәртібіне шығуы тиіс.

Әдебиеттер:

1. Балыкова Л.А. И.С. Тургеневтің мемориалдық кітапханасы жазушының библиографиясы мен шығармашылығын зерттеу көзі ретінде: Филол. ғыл. канд. ... дисс. автореф. / Л.А. Балыкова; РҒА Әдебиет институты. – Санкт-Петербург, 2003. – 142 б.
2. Брокгауз Ф.А. Brockhaus энциклопедиясы. 19-басылым, Capra былғары мұқабадағы эксклюзивті басылым, 4-том (BRO – COS). – Мангейм, 1987.
3. Danik S., Herman J.W., Kundharu S. Mochtar Lubis жинағындағы «Perempuan» әңгімелеріндегі тұлғалық тәрбие құндылығы: постколониалдық талдау – AJHSSR // American Journal of Humanities and Social Sciences Research (AJHSSR), e-ISSN: 2378-703X. – 2021. – Т. 5 (1). – 1-5-66. URL: <https://www.ajhssr.com/the-value-of-character-education-in-short-stories-perempuanby-mochtar-lubis-collection-a-postcolonial-approach/>
4. Жұртбай Т. Бесігінді аяла!.. Монография-эссе. – Астана: Фолиант, 2003. – 504 б.
5. Кедрина З. Әуезов. Сындық-библиографиялық очерк. – Мәскеу: Советский писатель, 1951. – 127 б.
6. Құрманғалиева Г.Т., Картаева А.М. Абайтану ғылымының қалыптасу тарихы // Еуразия гуманитарлық институты Хабаршысы. – 2022. – №4. – ISSN 1999-4214. URL: <https://ojs.egi.kz/BULLETIN/article/download/164/62/513>
7. Крёнер А. Әлем әдебиеті лексиконы. 1-том: Авторлар мен анонимді еңбектер бойынша өмірбаяндық-библиографиялық сөздік / Кұраст. Геро фон Вильперт. – Штутгарт, 1988.
8. Макарова Е.А. Оқу ауқымы жазушының мәдени интуициясының көрінісі ретінде: (Н.С. Лесков кітапханасы негізінде) / Е.А. Макарова // Әдіс пен жанр мәселелері. – Томск, 1997. – 19-шы шығарылым. – 98-100-66.
9. Мәдібай Қ. Ғалым, мұхтартанушы – Гүлзия Пірәлі. – 19.08.2022 [Электронды ресурс]. URL: <https://kozhal.kz/202210533-ghalym-muhtartanushy-gulziya-pirali>
10. Мәдібай Қ. Әуезов кітапханасы // Жас Алаш. – 2023. – 26 қазан. URL: <https://zhasalash.kz/news/auzev-ktaphanasi-cf4213/>
11. Мыльников А.С. Ғалымдардың кітапханалары каталогтары тарихи-мәдени дерек көзі ретінде / А.С. Мыльников // Сов. библиограф. – 1986. – №5. – 38-44-66.
12. Мыльников А.С. Кітап – деректанудың нысаны ретінде / А.С. Мыльников // Отан тарихының деректануы. – Мәскеу, 1976. – 70-74-66.
13. Нұрғали Р. Шығармалар жинағы. Жеті томдық. 4-том. – Астана: Фолиант, 2005. – 544 б.
14. Пірәлиева Г. Мұхтар Әуезовтің кітапханасы. Зерттеу / Жауапты ред.: У.Қ. Қалижанов. – Қарағанды: «Литеро» ЖШС баспасы, 2015. – 576 б.
15. Позднеева И.В. Кирилл шрифтімен басылған көне кітаптардағы жазбалар тарихи дерек көзі ретінде / И.В. Позднеева // Федоров оқулары. 1976. Оқырман және кітап. – Мәскеу, 1978. – 39-54-66.
16. Пушкирев Л.Н. Кітаптардағы жазбалар мәдениет тарихы дерегі ретінде (Симеон Полоцкий еңбектері негізінде) / Л.Н. Пушкирев // 2000 жылғы археографиялық жылнама. – Мәскеу, 2001. – 115-128-66.
17. Шашкина З. Теміртау: роман. – Алматы: Жазушы, 1960. – 339 б.

References:

1. Balykova L.A. (2003). Memoriyalnaya biblioteka I.S. Turgeneva kak istochnik dlya izucheniya bibliografii i tvorchestva pisatelya: Avtoref. dis... kand. filol. nauk / L.A. Balykova; IRLI RAN. – SPb.,– 142 p. (in Rus).
2. Brockhaus F.A. (1987). Brockhaus Enzyklopädie 19. Auflage, Exklusiv -Ausgabe in Capra-Leder, Bd. 4 (BRO - COS), Mannheim. (in Eng.).
3. Danik S., Herman J.W., Kundharu S. The Value of Character Education in Short Stories Perempuan by Mochtar Lubis Collection: A Postcolonial Approach – AJHSSR // American Journal of Humanities and Social Sciences Research (AJHSSR) e-ISSN: 2378-703X. – 2021. – Vol. 5 (1). – pp. 01-05. URL: [https://www.ajhssr.com/the-value-of-character-education-in-short-stories-perempuanby-mochtar-lubis-collection-a-postcolonial-approach/\(in Eng.\)](https://www.ajhssr.com/the-value-of-character-education-in-short-stories-perempuanby-mochtar-lubis-collection-a-postcolonial-approach/(in Eng.))

4. Jurtbai T.(2003) Besigındı aiala!.. Monografia-ese. – Astana: Foliant. – 504 p. (in Kaz.).
5. Kedrina Z. (1951). Auezov. Kritiko-bibliograficheski ocherk. – Moskva: Sovetski pisatel,1951. – 127 s. (in Rus.).
6. Kurmangalieva G.T., Kartaeva A.M. (2022). Abaitanu gylmynyn qalyptasu tarihy Eurazia gumanitarlyq instituty HABARŞYSY ISSN 1999-4214 № 4. <https://ojs.egi.kz/BULLETIN/article/download/164/62/513>. (in Kaz.).
7. Kröner A. (1988). Lexikon der Weltliteratur - Band 1: Biographisch-bibliographisches Handwörterbuch nach Autoren und anonymen Werken. [Herausgegeben von Gero von Wilpert]. Wilpert, Gero von (Hrsg.) Stuttgart.
8. Makarova E.A. (1997). Krug chtenia kak otrazhenie kulturnoi intuisii pisatelya: (na materiale biblioteki N.S. Leskova) / E.A. Makarova // Problemy metoda i janra. – Tomsk. – Vyp.19. – P. 98-100. (in Rus).
9. Mádibai Q. Ğalym, muhtartanýshy – Ğúlzia Piráli. 19.08.2022 [El.resýrs]. <https://kozhalar.kz/202210533-ghalym-muhtartanushy-gulziya-pirali>. (in Kaz.).
10. Mádibai Q. Áýezov kitaphanasy. // Jas Alash. -2023. – 26 qazan. <https://zhasalash.kz/news/auezov-kitaphanasi-cf4213/>.(in Kaz.).
11. Mylnikov A.S. (1986). Katologi bibliotek uchenyh kak sitoriko-kulturnyi istochnik / A.S. Mylnikov // Sov. Bibliograf. . – №5. – P. 38-44. (in Rus.).
12. Mylnikov A.S.(1976). Kniga kak obekt istochnikovedenia / A.S. Mylnikov / Istochnikovedenie otechestvennoi istorii. – M. P. – 70-74. (in Rus.).
13. Nurgali R. (2005). Jetı tomdyq sygarmalar jinagy. 4-tom. –Astana: Foliant.-544 p. (in Kaz.).
14. Piralieva G. (2015). Muhtar Auezovtin kitaphanasy. Zertteu / Jauapty red.: U.Q. Qalijanov. – Qaragandy: «Litero» ZhShS baspasy, 2015. – 576 p. (in Kaz.).
15. Pozdneeva I.V. (1978). Zapisi na staropechatnyh knigah kirilovskogo shrifta kak istoricheski istochnik / I.V. Pozdneeva // Fedorovskie chtenia. 1976. Chitatel i kniga. – M., – P. 39-54. (in Rus.).
16. Pushkarev L.N. (2001). Zapisi na knigah kak istochnik po istorii kultury (na materiale knig Simeona Poloskogo) / L.N. Pushkarev // Arheograficheski ezhegodnik za 2000 god. – M.,– P. 115-128. (in Rus.).
17. Shashkina Z .(1960). Temirtau: roman. – Almaty: Jazuşy, 1960. -339 p. (in Kaz.).